

Тасқала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 23-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 мамырда № 5200 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 қазандағы № 40-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 29.10.2019 № 40-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №98 "Батыс Қазақстан облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3914 тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) сәйкес Тасқала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тасқала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Тасқала аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (Т. Ержігітова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

В. Фролов

С. Рахимов

Тасқала аудандық мәслихатының

2018 жылғы 4 мамырдағы

№ 23-1

шешіміне қосымша

Тасқала ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

p/c	Объектінің түрі	Есептік бірлік	Жылдық норма	
			кг / жыл	/ жыл
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	220	1,1
2	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	215	1,13
3	Қонақ үйлер	1 орын	192	1,13
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	95	0,4
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	75	0,62
6	Емханалар	1 адам	8,27	0,04
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	412,8	2,06
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	24	0,13
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	220	1,16
10	Кинотеатрлар, мәжіліс залдары	1 орын	30	0,2
11	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	43	0,26
12	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1	23	0,21
13	Дүкендер, базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1	160	0,8
14	Халыққа қызмет көрсету орталықтары	Жалпы алаңы 1	45	0,41
15	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1	125	0,5
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1	48	0,44
17	Автұрақтар, автомобиль жуу орындары, автомобильдерге жанармай құю бекеттері, гараждар	1 машина-орын	23	0,11
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	460	2,3
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	32	0,23
20	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1	23	0,13
21	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және тағы басқалар)	1 жұмыс орны	23	0,13
22	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1	43	0,26

Аббревиатуралардың толық жазылуы: кг – килограмм;

– текше метр;

– шаршы метр.